

ЖЫЛДАМ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ

7-12
ЖАС



Жадыны
дамыту

Жылдам оқу

Оқығанын
МАЗМҰНДАП
айта алу

Минутына **40 сөзден** көп оқитын
балаларға арналған **ПРОГРАММА**



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
1 сабақ	5
2 сабақ	9
3 сабақ	13
4 сабақ	18
5 сабақ	23
6 сабақ	27
7 сабақ	31
8 сабақ	36
9 сабақ	41
10 сабақ.....	46
11 сабақ.....	50
12 сабақ.....	55
13 сабақ.....	61
14 сабақ.....	65
15 сабақ.....	69
16 сабақ.....	74

ЖЫЛДАМ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ

«Galamat online school»

I бөлім

Әрбір адам өмірінде БІЛІМНІҢ маңызы зор.

Ал, қазіргі ХХІ ғасырда білімді қабылдап, оны өмірде пайдалану үшін ең керек машық - ЖЫЛДАМДЫҚ.

Баланың білімді сапалы, әрі жылдам қабылдауы үшін Қазақстандық 25 педагогтің бірігуімен осы оқу құралы құрастырылды.

Бұл оқу құралы Европалық, Ресейлік ғалымдардың әдіс-тәсіліне негізделі отырып, қазақы менталитетімізге сай етіп құрастырылған.

Әрбір сабақтың ішіндегі жаттығулар баланы жан-жақты дамытуға бағытталған.

Кітаптағы жаттығулар:

- Зейінді дамыту.
- Есте сақтау қабілетін дамыту.
- Сөздік қорды арттыру.
- Көздің қамту аймағын кеңейту.
- Артикуляцияны дамыту.
- Дұрыс тыныс алу жаттығулары.
- Жылдам ойлану.
- Жылдам оқу.

Бұл жаттығулар баланың машықтарын дамытуға көмектеседі.

Біздің оқыту тәсіліміз баланың екі ми бөліктерін бірдей дамытуға бағытталып, оның креативті ойлауын дамыту, сыни ойлау дағдысын қалыптастыру, есте сақтау қабілетін арттыруға бағытталған.

«Жылдам оқуға дайындық» бағдарламасы 7-12 жас оқушыларға арналған. Бұл кітап 2 бөлім, 32 сабақтан тұрады. Сіздің қолыңыздағы 1-бөлімнің кітабы.

I сабақ

1.1-тапсырма. Ми бөліктері




1.2-тапсырма. Нейрогимнастикалық жаттығулар



1.3-тапсырма. Екі қолмен сурет салу

Уақыты



1.4-тапсырма Антиципация. Мәтіндегі түсіп қалған сөздерді мағынасына сәйкес қойып, мәтінді оқып шығыңдар.

Уақыты

Автобуста

Ә. Шынбатыров

Автобус тоқтайтын _____ келдік. Көп ұзамай көк _____ келіп тоқтай қалды. Екі _____ бірден ашылды. Адам да көп. Бірі мінсе, бірі _____ жатты. Алдыңғы _____ апам екеуіміз ішке кірдік.

- Мұнда _____, - деп, менен үлкендеу екі бала анама орын ұсынды.

- Рақмет, _____, - деді анам отырып жатып.

- Апа, не үшін _____ айттыңыз?

- Кішіпейілділігі үшін айттым. Сен де солардай бол.

Үлкенді _____. Сонда үлкендер саған да _____ айтатын болады. Сәлден кейін базарға жеттік.


1.5-тапсырма. Өлеңді АССОЦИАЦИЯ тәсілімен жаттау.




Бояуы мол табиғат



Бар өнерін төккен кеп.



Көрген көзге, ақиқат,



Көкпенбек-ау, көкпеңбек!



1.6-тапсырма.

Бағдаршам. Сөздерді оқымай, тек түсін айтыңдар.

Уақыты

САРЫ ЖАСЫЛ КӨК ҚАРА ҚЫЗЫЛ КӨК
ҚАРА ЖАСЫЛ КӨК САРЫ ҚОҢЫР АҚ
САРЫ КӨК ҚАРА ҚОҢЫР АҚ ЖАСЫЛ
ҚЫЗЫЛ САРЫ КҮЛГІН ҚАРА ЖАСЫЛ
САРЫ ҚОҢЫР АҚ ҚЫЗЫЛ КҮЛГІН КӨК
САРЫ ҚАРА АҚ ЖАСЫЛ ҚОҢЫР ҚЫЗЫЛ
КӨК КҮЛГІН САРЫ ҚАРА ҚЫЗЫЛ

1.7-тапсырма. Шульте кестесі.
Көздің көру аймағын кеңейту.


Уақыты

10	15	2	8
1	6	13	4
5	11	9	12
14	3	16	7

1.8-тапсырма.
Артикуляциялық жаттығуды мұғаліммен бірге қайтала.



БАЯН



МАСА




САҢЫРАУҚҰЛАҚ

2 сабақ

2.1-тапсырма. Графикалық диктант


Уақыты




2.2-тапсырма

Нейрогимнастикалық жаттығулар

1



2



2.3-тапсырма. Суреттің түсін есте сақтап (1 мин), бетін қағазбен жауып қойып, екіншісін есінде қалған түстермен боя.

Уақыты



2.4-тапсырма
Түсіп қалған әріптер мен сөздерді орнына қойып, жылдам оқы.

Тәт..... алма.

Кітап – білім

Білім – өмір

Үздік оқу

Жире..... тиін.

Ша ша ша - бүгінгі күн

Ар ар ар – жауып тұр аппақ

2.5-тапсырма
«Антиципация» әдісі арқылы өлеңді оқу:

Бір Аллаға _____,
Кел _____ оқылық,
Оқығанды көңілге,
_____ тоқылық.

Оқысаңыз балалар,
Шамнан _____ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ _____.

(Ы. Алтынсарин)

2.6-тапсырма. Пирамида кестесі.
«+» белгісіне қарап, буындарды қосып оқып шық:

Уақыты

сақа
ар+на
ап + та
ор + та
су + ық
та + ра
жа + ға

бота
қи+яр
са + на
ки + ім
са + ры
ба + ла
жу + ан

2.7-тапсырма Эмоциямен оқу

Дауыс ырғағымен:

- салмақты
 - көңілді
 - қатты дауыстап оқу
 - жәй
 - көңілсіз
 - қорқынышпен
 - мазақпен
 - ашуланып
- Қарным ашты
 - Енді саған күлу керек!
 - Эх, қазір бауырсақ болса ғой!
 - Біз келдік пе? Қашан жетеміз?
 - Маған алма шырыны керек.

2.8-тапсырма. Сөздерді оңнан солға қарай
барынша жылдам оқып шық.

Уақыты

ЙАҒРОТ
ҚАРЫПАЖ
ПАТІК
НІШРЕГӨК


ҚЫЗАЖ
РЕТПӘД
РАЛАЛАБ
АҚАБ
НАЛЫЖ

НАШУАР
ЗАҒАҚ
ПОД
ЯИРАҚ

3 сабақ


3.1-тапсырма. Графикалық диктант

Уақыты




3.2 тапсырма

Артикуляциялық жаттығуларды мұғаліммен бірге қайтала.



ПІЛ




ШАРБАҚ



ҮНДІК

3.3-тапсырма







Жаңылтпашты «ассоциация» тәсілімен жаттау.



Омартаға балалар барар, Қыста құлағым ісіп
Балаларды аралар талар. кетті, Үсіп, ісіп кетті.

3.4-тапсырма. Креативті дамытамыз.
Кескіндерден креативті суреттер шығарамыз.

Уақыты



3.5-тапсырма. Мәтінді (мөлдір емес) сызғышпен жылдам оқып, 3 сұраққа жауап бер.

(82 сөз)

Уақыты

ШИПАЛЫ СУ

Бір топ бала жазғы демалыста тауға серуенге шықты. Олар тау етегіндегі шоқ ағашқа келіп демалды. Осы кезде Мұқан мен Кәкімжан ағаш ішін аралап кетті. Екеуі мөлдір бұлақтың үстінен шықты. Екі бала бұлақтың бойын қуалай жоғары өрледі. Көп ұзамай-ақ бұлақтың көзін тапты. Олар судың дәмін қайта-қайта татып көріп, тамсана түсіп, біраз отырды. Бұлақтың басына серуендеп жүрген балалар да келді. Судың дәмін бәрі де татып көріп, түрлі-түрлі пікірлер айтты. Бұл су асқазан ауруын емдейтін шипалы су болып шықты. Осы суды ішіп талай адам жазылған.

1. Балалар қайда келді? _____
2. Мұқан мен Кәкімжан нені тапты? _____
3. Бұлақтың суы қандай су екен? _____

3.6-тапсырма. Ортақ атауды жаз.

Уақыты

1. Көйлек, жейде, белдемше, шалбар - _____
2. Қияр, орамжапырақ, сәбіз, қызанақ - _____
3. Қалам, сызғыш, сөмке, бояу - _____
4. Су, ауа, топырақ, от - _____
5. Тақта, парта, үстел, орындық - _____
6. Тауық, қаз, үйрек, кептер - _____

3.7-тапсырма. Эмоциямен оқу.

Уақыты

- Салмақты оқу.
- Ұрсысып тұрғандай оқу.
- Қатты дауыстап оқу.
- Мақтанып оқу.
- Қорқып оқу.

Бүкіл өмірім осылай өтуде.

Айналама қалай пайдалы болады екенмін?

Ол мені сиқырлап тастағандай.

3.8-тапсырма
Лабиринт

Уақыты



4 сабақ

Уақыты

4.1-тапсырма.

Әріптер арасынан «Балық» сөзін тауып астын сыз.

ЦРАПТАРОВБОЛМАКЖЭФЯЮГНШЩ
ХЗЦОАРЫДТСАЛЖЯЭЫЩЬОАДФЫТ
ВМЖДЛБАЛЫҚМВТАДАПТЖДЫЭЖ
БАЛДЛФОПЛОЛДЬВЖЭЬВАЖФВАЛ
БДАДОЫТАУАЛТББЧЮДВДВЛБЭДЛ
ФПФДЫБАЛЫҚҚҢОЪОЗЭЛЬЩЛЪХ
ПЛҢҢӘІҢҒӘІҒЫПЬДЛЭФЛКИЦОХ

4.2-тапсырма

Пирамида кесте. «+» белгісіне қарап, буындарды қосып оқы.

ағаш

са+ла

ар+па

ба + қа

са + ры

ке + ме

ой + на

ай + на

са + па

ма + та

қа + ра

ша + на

та + ға

ат + та

4.3-тапсырма
«А-Ә» әрпін тиісті орынға қойып, жылдам оқы.

Уақыты

Айм....н,йнек, арм....н,сем, д....қ, д....н, қ....рм....қ,
к.....мпит,ткеншек, п....йд....лы,демі,ртүрлі,рғым....қ,
....сық, м....қта, м....нді, м....ймыл, м....ңгі, ж....пырақ, ж....йл....у,
ж....рдем, ж....зира, м....йд....,т....релке, т....ртіп, т....р....қ,
т....мыр, топыр....қ, с....лем.

4.4-тапсырма
Оңнан солға қарай жылдам оқы.

Уақыты

НАҚСЫУАС
НАРҢА
ЛЕЖ
РЫҚСАҚ
ҚЫДНАС

МЕТКӨК
ЕКМӨС
КІСЕ
КЕЛҢӨК
ЗАҒАҚ
САЛ


РІМЕТ
ҚЫТСЫ
ЕМЕК
ҚЫСА
САТ

4.5-тапсырма. Санды лабиринт.


Уақыты

1	26	31	43	51	29	46	32	44	61
30	2	3	27	39	14	15	16	53	72
28	40	4	52	12	13	42	17	45	67
6	5	38	41	11	54	57	18	19	75
7	8	9	10	33	37	63	55	20	62
34	47	49	58	56	71	23	22	21	73
48	50	59	35	64	60	24	79	68	77
66	36	65	70	76	74	25	78	80	69

4.6-тапсырма
Суретті есте сақтап, қайталап астына салып шық.



4.7-тапсырма. Екі қолмен сурет салу




4.8-тапсырма. Суретке қарап әңгіме құра.



5 сабақ

5.1-тапсырма. Графикалық диктант

Уақыты




5.2-тапсырма. Әріптер арасынан Қазақстан қалаларын тауып астын сыз.

Уақыты

У О Л К Ж Е З Қ А З Ғ А Н Р П О Б Ы А Қ Т А У Р У Г Ц
Н А Л М А Т Ы И П Р О Ч И Т А Р А З О В Р Ф Н С М
В И К А Т Ы Р А У Р Р Н М О А А Ш Ы М К Е Н Т О А
Р Н Ы Е П К Н Ұ Р С Ұ Л Т А Н О Л Ы П С Р Т Я Қ А Р
А Ғ А Н Д Ы Б А Д А Г К П А В Л О Д А Р Н Е Г Р Ц С
Ы И А С Е М Е Й Я Э Ж Л Т А Л Д Ы Қ О Р Ғ А Н О А
Г Ц Е Ф С А Қ Т Ө Б Е О

**5.3-тапсырма. Нейрогимнастика жаттығуын
мұғаліммен бірге қайтала.**



5.4-тапсырма. Регрессия

РЕГРЕССИЯ – ЖЫЛДАМ ОҚУДЫҢ ЖАУЫ

1

**МӘТІНДІ ОҚУ БАРЫСЫНДА БІР СӨЗДІ НЕМЕСЕ
СӨЙЛЕМДІ ҚАЙТАЛАП ОҚУҒА БОЛМАЙДЫ;**

2

**МӘТІННІҢ ОРТАСЫНА КЕЛГЕНДЕ БАСЫНАН
ҚАЙТАЛАП ОҚУҒА БОЛМАЙДЫ;**

3

**ТЕК МӘТІНДІ ОҚЫП БОЛҒАН СОҢ 1-2 МИНУТ ОТЫРЫП
ОЙЛАНЫП, ТҮСІНБЕГЕН СОҢ ҒАНА МӘТІНДІ БАСЫНАН
БАСТАП ОҚЫП ШЫҒУҒА БОЛАДЫ.**

5.5-тапсырма**Мәтінді регрессиясыз оқып, сұрақтарға жауап бер.****(115 сөз)**

Уақыты

ҚАЖЫМҰҚАН

Қажымұқан жастайынан байларға жалданып, ауыр жұмыс істеген. Сол кезде батпаққа батып қалған өгізді жалғыз өзі тартып шығарып алғаны туралы әңгімелер де бар. Елдің есінде тағы бір оқиға қалды. Қажымұқанның қожайыны қыстың қақаған суығында құрғақ шөп алып келуді тапсырады. Жолда арбаны сүйреп келе жатқан бір ат әлсіреп құлап қалғанда Қажымұқан атты арбаның үстіне лақтырып, екінші атты арбаның артына байлайды да, арбаны жалғыз өзі сүйреп әкеледі. Мұңайтпасұлы 17 жасқа толмай жатып, мықты палуан ретінде таныла бастады. Оның Ақмола облысы бойынша барлық атақты палуандарды жеңгені туралы әңгіме бүкіл қазақ даласына тез тарап кетеді. Ал 18 жасында оны циркке жұмысқа шақырды. 1905 жылы Қажымұқан алғашқы ірі жетістігіне қол жеткізді. Харбинде өткен жарыста Мұңайтпасұлы "джиу-джитсу" күресінен алтын медаль жеңіп алды.

1. Қажымұқан неше жастан палуан атанған? _____
2. Ол қай жылы ірі жеңіске қол жеткізді? _____
3. Қандай медаль жеңіп алды? _____

5.6-тапсырма. Пирамида кесте.

«+» белгісіне қарап, буындарды қосып оқу









Уақыты

сан+дық		
дос	+	тық
бұл	+	бұл
жас	+	тық
бақ	+	бақ
қай	+	мақ
мон	+	шақ
сал	+	қын

5.7-тапсырма

Пішіндерден қандай суреттер шығарар едіңіз?


Уақыты



5.8 Суреттер арасынан гүлді, допты тап

Доп

Гүл



6 сабақ

6.1-тапсырма. Тыныс алу ойыны

«ГОЛ СОҚ»



Футбол қақпасының алдына қой
Допты қақпаға жайлап үрлеп соқ

Енді бар деміңмен қатты үрлеп соқ,
қанша гол соқтың? Сана!

«ЖАПЫРАҚТЫ ҰШЫР»



Терең тыныс алып,
ауызыңмен дем шығару
арқылы жапырақты
үрлеп ұшыр.

6.2-тапсырма.

Креативті дамыту. Шыныаяқтың 10 қолданысын табу.

Уақыты



6.3-тапсырма. Шульте кестесі.

Уақыты

7	5	11	2
10	14	1	15
3	9	16	4
6	12	13	8

6.4-тапсырма. Санды лабиринт.

Уақыты

31	40	32	43	33	50	34	66	55	70
2	3	4	45	10	11	12	44	68	75
1	39	5	6	9	42	13	59	47	79
38	35	41	7	8	37	14	57	71	51
25	24	23	36	60	46	15	16	64	80
26	63	22	21	20	19	18	17	78	72
27	28	29	62	49	54	67	74	48	76
53	61	30	73	56	77	52	69	65	58

6.5-тапсырма

Мәтіннің ішінен кілтті сөздерді табу.

Уақыты

МЫСЫҚ НЕГЕ ТАМАҚ ІШКЕН СОҢ ЖУЫНАДЫ?

Күндердің күнінде бір торғай ұшып кеп, бір шаруаның қорасына қонады да, шашылған дәндерді теріп жей бастады. Мұны көріп, қожайының мысығы бір мүйістің тасасында тұрып ториды. Аңдып отырған мысық бір мезетте шоршып барып торғайды бас салады. Қанатынан қапсыра тістеп тұрып:

- Енді бір жақсылап тоятын болдым!- дейді.

- Ей, мысық мырза, ұялсаңшы! Жуынғанды ұмытып барасыз ғой, өзі! Өзіңіздің қожайыныңыз да, оның әйелі де, жуынғаннан кейін барып тамақ жейді,- дейді торғай.

- Оның да дұрыс екен-ау, - деп мысық жақсылап жуынып, сүртіну үшін алдыңғы аяғын мұрнына апарады.

Сол кезде торғай, ұзақ ойланып жатпай, жалт береді! Қанатын қағып, ұшады да кетеді! Мысық ыза болады. Содан бері қарай мысық атаулы тамақ жегеннен кейін жуынатын болған екен.

6.6-тапсырма. Не артық?

Уақыты

1. Қызыл, сары, қоңыр, әдемі; _____
2. Торғай, шағала, тауық, шымшық; _____
3. Футбол, доп, баскетбол, хоккей; _____
4. Қазақстан, Ресей, Түркия, Алматы; _____
5. Тоңазытқыш, теледидар, компьютер, терезе; _____
6. Алма, шабдалы, шие, қияр; _____
7. Шоколад, тоқаш, алма, ойыншық; _____
8. Көрпе, көйлек, қалпақ, етік; _____
9. Тау, өзен, ағаш, үй; _____
10. Ай, жұлдыз, зымыран, ғаламшар; _____

6.7-тапсырма. Айырмашылықты тап

Уақыты



6.8-тапсырма. Мәтіннің ішінен кілтті сөздерді тауып белгілеу. Суретін салып, мазмұнын айту.

(119 сөз)

Уақыты

БІР УЫС МАҚТА

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, әжесі қасына отырып, ақыл айтты:

- Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп. Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қоймас,- деп. Әжесі:

- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:

- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? - деп сұрады. Әжесі айтты:

- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,- деді.

1. Әжесі қызына не деп ақыл айтты? _____
2. Торғай мақтаны қайда апарады деп ойлайсың? _____

7 сабақ

7.1-тапсырма. Эмоциямен оқу

Уақыты

Дауыс ырғағымен:

- Салмақты
 - Көңілді
 - Қатты дауыстап
 - Жәй дауыспен
 - Көңілсіз
 - Қорқынышпен
 - Мазақпен
 - Ашуланып
- Бұл болған әңгіме
- Ақ киізге көтерді (хан сайлады)
- Қас пен көздің арасында(тез, лезде)

7.2-тапсырма. Әріптер арасынан «Н»-ны қорша,
«У»-дың астын сыз, «Ш»-ның үстінен сыз.

Уақыты

ЕОРЖЭЫДЛОЕЭЗЩНШЫЭЬИЭЫЩЕШЖЫЕЬ
ТОНЩҒҚҮІҚҮӘІӨӘҮҮІШІЗШНОЗЦҒҮХӨҮҒҮӘ
ІОЗЦЛУКРЭДЦЭҒҢЭРЛБВАЛЦНӨҚҮҒӨІШҒН
ЖЬПЖЫЛУКЭЗҚУЦШНХӨҚЦҒНШІДҒЬНЫЩ
ШИЫҚУКШНЛЦУЛҒДЫНЧЖДЫЦҚХЛГЦЭРБ
ХЭЦЕШХЛКЖДЫБПТЖДЫБПШЩКЕОЭУХКЕ
ОЖЫЖВЛЬАРЗЩУКШӨУҚЦШЦЖЩЛЫЖВД
РЭЦШЩЕНЗЦШҒГЗЫЛЖРДЫЕЭЗЦШЩКГЦО
УЛКЛУЭХЩЦЭХЩУЕЗРШЦЭХШЦЖВДПЬБТ
ЖВДЛЕЭХЙҚНЖУЛЬКИЭЫЗҚУШЦУЖДЛКР
УШҒНЭХҚЦШОЖРЫЛУЬИЭХЫҚШҒНХЦЗЛҒ
ҢГЖЬЫЖАТЫУЖШХЭҒЛНЛТЭХЫУЕШНҮӨЕ
ҮҮҒУҮҮҒШАПГШАПАВШНЛЦУЛҒДЫНЧЖДЫ

7.3-тапсырма. Ортаңғы әріптің ғана орнын ауыстырып сөздерді оқып шық.

Уақыты

ҚЯОН	ДЛАА	ШНАА	МТАА	АЫҚЛ
ҚЗОЫ	КШӨЕ	ҚЛАА	БТАА	ААПН
ӘЕТШ	ЖҢАА	ҚНАТ	СРЕІ	ОТРА
БТОА	ЖЛЫЫ	МСАА	ЕІСК	ОЖЛА
ААНР	АЫСҚ	АНЙА	БҚАА	ЫТНА
ААҒШ	ӨЕНР	АШЙА	ТРУА	ФРАА
ДЛАА	ТНАА	БЛАА	ҰАСҚ	ОАЖУ
ОЫЙН	ҰТСА	ӨІМР	ТРӨТ	ӘІСП


7.4-тапсырма. Кестенің ішіндегі сөздерді пайдаланып 5 сөйлем құрастырып жаз.

Уақыты

және	бұл	ше	солай	немесе
оған	осы	одан	сен	егер
жоқ	туралы	онымен	жайлы	тек
емес	оған	өзінікі	не	оны
мен	бірақ	сіздер	адам	бір
болу	олар	барлығы	ғана	емес пе
бірге	біз	рахмет	жыл	өзіңді
ол	болмаса	үшін	барлығы	уақыт
не	қалай	онда	сондай	тағы
бірақ	да	күші	сол	басқа

7.5-тапсырма. Екі қолмен сурет салу

Уақыты



7.6-тапсырма. Антиципация бойынша мәтіндегі түсіп қалған сөздерді орнына қойып, мәтінді жылдам оқы.

(93 сөз)

Уақыты

ЕКІ ӘТЕШ

Қазақ халық ертегісі

Ертеде бір кемпір мен _____ екі әтеші болған екен. Олар қолдарына түскен жемдерін сол _____ беріпті.

Бір күні кемпір құстарына _____ шашады. Карындары ашқан _____ жүгіріп келеді. Шұбар әтеш қасында жүрген досынан жемді қызғанып, бергісі _____.

- Шіркін, мына жемнің бәрін жалғыз өзім, бір тойсам-ау! - деп ойлайды.

Сөйтіп әтеш қасындағы сұр әтешті қайта-қайта шоқып жем жегізбейді, мазасын алады. Ақырында сұр _____ ызаланып, шұбар әтешті шоқып _____. Осыдан соң _____ жүндері үрпиісіп, төбелесе кетеді. Екеуінің де _____ жұлым-жұлым болады.

Бұлар _____ жатқанда көрші үйдегі тауықтың балапандары келіп, _____ түгін қалдырмай жеп кетеді.

7.7-тапсырма. Суреттің түсін есте сақтап, парақпен бетін жауып қойып, екінші жақты боя.



КИІЗ ҮЙ

Киіз үй - Орталық және Азия халықтарының негізгі баспанасы. Ол -көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі.

Киіз үй біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын қола дәуірінен белгілі. Гоби Алтайындағы, Сібірдегі Баярқия, Қырымдағы тастарға салған суреттерден көруге болады.

Көшпенділердің киіз үйі — тарихымыздағы ең бірінші архитектуралық құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды.Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып жүр.

Кілтті сөздер

1. Киіз үй – қандай халықтардың баспанасы?
2. Неге көшпенді халықтар киіз үй қолданды?
3. Киіз үйдің тарихы қай дәуірден басталады?

8 сабақ

8.1-тапсырма.Шульте кестесі.

Уақыты

7	10	21	18	3
14	25	1	23	13
4	16	6	9	5
22	11	2	12	15
19	8	17	24	20

8.2-тапсырма. Артикуляция жаттығуын
мұғаліммен бірге орында.

Уақыты



ҚАМЫР



ТОСАП



КЕСЕ

8.3-тапсырма



Жаңылтпашты ассоциация арқылы жатта.

Жағажай,
Жағажайда Қажай.
Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қажай.



8.4-тапсырма. Суретті оңға көшір

Уақыты



8.5-тапсырма. Оңнан солға қарай мәтінді дұрыстап оқып, астындағы 3 сұраққа жауап бер.

(84 сөз)

Уақыты

ЖЕЛ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

реЖ еднітеб рімө ыйоб сық нытйамлоб қытсы ратқамйа раб.
немыноС ратақ іменү қыус ратқамйа ад раб. еніМ, надралос
неглек ралауа ыдасалара ад, леж адйап ыдалоб . қыуС
недрелреж неглек ауа қыус леж іделекә. ынауА пытаднықлас,
нықлас леж ыдазыққос.қытсыІ натқаж ылыж ауа іделек. қыуС ауа
нем ылыж ауа ыдасалара.

1. Жер бетінде қай аймақтарда жаз немесе қыс болмайды?
2. Жел қайдан пайда болады екен?
3. Суық жел қайдан келеді, ыстық жел ше?

8.6-тапсырма. «Антиципация» әдісімен оқып, кілтті сөздердің астын сыз.

Уақыты

ТҮЙЕ

Түйе - төрт түлік _____ жатады. Түйе шөлге шыдамды мал.
Түйенің төлін _____ дейді. Түйе екі жылда бір боталайды. Бір
өркешті түйені _____ дейді. Түйенің сүтінен _____
жасайды. Шұбат - адам денсаулығына _____ усын. Түйенің
жүнінен _____ жасайды.
Етінен _____ жасайды. Түйені көлік ретінде де пайдаланады.

1. Бір өркешті түйені қалай атаймыз?
2. Түйенің жүнінен не жасайды екен?

8.7-тапсырма. Санды лабиринт

Уақыты

83	84	85	86	97	98	99			
82	89	88	87	96	95	100			
81	90	91	92	93	94				
80	79	72	71	70	63	62	61	54	53
77	78	73	68	69	64	59	60	55	52
76	75	74	67	66	65	58	57	56	51
5	6	7	10	11	12	45	46	47	50
4	3	8	9	14	13	44	43	48	49
1	2		16	15	24	25	42	41	40
			17	22	23	26	33	34	39
			18	21	28	27	32	35	38
			19	20	29	30	31	36	37


8.8-тапсырма. 10 сөзді тыңдап, кітапқа жазу

Уақыты

9 сабақ

9.1-тапсырма. Графикалық диктант

Уақыты



9.2-тапсырма

Нейрогимнастика жаттығуын мұғаліммен бірге орында.


1



2



9.3-тапсырма. Екі қолмен сурет салу



9.4-тапсырма. Не артық?

Уақыты

1. Алма, қияр, шабдалы, шие _____
2. Ұя, шымшық, кептер, қарға _____
3. Күртеше, жейде, шалбар, етік _____
4. Көйлек, бала, шұлық, қолғап _____
5. Үстел, орындық, алмұрт, диван _____
6. Қонжық, құлын, қуыршақ, көжек _____
7. Құлпынай, ірімшік, таңқурай, бүлдірген _____
8. Кесе, шанышқы, сүлгі, тәрелке _____
9. Үшбұрыш, доп, дөңгелек, ромб _____
10. Өшіргіш, дәптер, сызғыш, домбыра _____

9.5-тапсырма.

Мәтінде «Тоқта-алға» ойыны арқылы оқу

(96 сөз)

Уақыты

Ақ тоқаш

Түс кезі. Екі дос мектептен қайтты. Қызу әңгімелесіп, тым көңілді келеді. Екеуінің қолында ішінде шұжығы бар ақ тоқаш. Сөз арасында ұрттары бұлтың-бұлтың етіп, қаужалап қояды. Қажыкен нанның бір кішкене қалдығын қағазға орап, сөмкесіне салып қойды. Ал Болат өзі тойғаннан кейін тоқашының қалғанын бір кескен шұжығымен жолға қарай лақтырып жіберді. Оның үстіне тоқашты доп етіп теуіп, қуалай жөнелді. Нанды домалатып біраз жерге апарып тастады. Қажыкен досын қуып жетіп, оған ұрысты. Ағыл-тегіл байлық, мыңдаған адамдардың еңбегі, маңдай тері соны бағалай біліп, нанға ұқыпты қарау керек екендігін түсіндірді. Қателігін кеш түсінген досы басын төмен салып, артта ілбіп келе жатты.

9.6-тапсырма. Эмоциямен оқу.

Уақыты

- Салмақты
- Көңілді
- Қатты дауыстап оқу
- Қорқынышпен
- Ашуланып

Бүгінгі күн қызық болды.

Қарным ашты, тамақ қашан?

Кейде сұлу өте сұлудан да сұлу.

9.7-тапсырма.

Мәтіндегі кілтті сөздерді теріп жазу, мазмұндау

(70 сөз)

Уақыты


ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы — Еуразия деп аталатын құрлықта орналасқан. Оның табиғаты алуан түрлі. Оның байтақ жерінде тау да, төбелер мен жазықтар да, орман да бар. Таулардың шатқалдарында алма, жеміс- жидектер, жаңғақ бұталары өседі.

Ормандар мен далаларды қасқырлар, түлкілер, қарсақтар, қояндар мекендейді. Ал тауларда қыран құстар, қар тазқарасы, ақ басты күшіген, жайылған қанаттарының ұзындығы үш метрге жететін бүркіттер ұшып жүреді. Жаздыгүні көлдерде үйрек, шағала, балықшы, көкқұтан, сарыалақаз сияқты мыңдаған құстар жыпырлап өріп жүреді.

9.8-тапсырма
Лабиринт

Уақыты



10 сабақ

10.1-тапсырма
10 сөзді есте сақтап, жазу.


Уақыты

10.2-тапсырма
Әріптер арасынан «АРУ» сөзін тауып, астын сыз.

Уақыты

АСУПРЫФБДЖЕЩВІТАПЖЕРОТТЫГОАРЙҢ
ҒҚЛАОЫДАРУТРПЕАОНГАНДИАРУОМТИРЬ
ЙУАЙРАНЧЖЕРТУЫСҚАНМЕНДВОНЛГВОТР
УКМЕНИСТЫҚОЙМАҚІШІКЪРАРУФАНАРЖУ
ЫҚЖЛОПЛМОЛАНГАОРПДШАРУЛРЮГПИА
РУЮЛОПЮОПАРУЮЛРПЮАРУЛРАБАРУОБР
ПДШНЕЩҮҮАРУБОРАШБЛРПӨҚАРУЛРОАП

10.3-тапсырма
Артикуляция жаттығуын мұғаліммен бірге орында.



10.4-тапсырма. Шульте кестесі.

Уақыты

2	20	18	15	5
12	7	14	3	19
9	22	1	6	11
21	4	13	23	24
17	10	25	16	8



10.5-тапсырма. Пирамида кестесі.

Уақыты

байқау
тал+қан
қал + дық
шол + пан
қыр + ман
кәм + пит
тар + мақ

сұңқар
шар+бақ
сай + ман
сұл + тан
сау + мал
тар + мақ
жұм + бақ

10.6-тапсырма Айырмашылығын табу



**10.7-тапсырма. Мәтінді оқу. Кілтті сөздерді белгілеу.
Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастыру.**

Уақыты

АҚСЕЛЕУ

Екі дос үй-үйдің арасымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Ақселеу де, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қара төбет абалап үріп шыға келді.

- Ақселеу, қаш, әне, ит келіп қалды!- деп, Абыз айғайлап жүгіре жөнелді.

- Ақселеу жерден бір шыбық алып, қашпастан итке қарсы ұмтылды. Бірақ оның шалбары жырым-жырым болды. Абыз Ақселеудің жанына келіп:

- Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашсаң, сен де аман қалатын едің,- деді.

- Мен қашсам, денсаулығың жоқ, алысқа жүгіре алмайтын сен тұтылып, мен құтылатын едім. Сені қорғап қалу үшін әдейі қашпадым,- деді Ақселеу.

- Ақселеу бала да болса, азамат екен!- деді екеуінің әңгімесін тыңдап тұрған бір ақсақал сүйсініп.

10.8-тапсырма. Шульте кестесі.


Уақыты

Л	Ц	Т	Б	М
Ф	С	Н	Ш	Щ
У	В	А	Д	Ч
Г	Х	З	Ж	П
Ғ	Р	Қ	К	В

II сабақ

11.1-тапсырма Графикалық диктант

Уақыты



11.2-тапсырма. Бағдаршам

Уақыты

КҮЛГІН ҚАРА ЖАСЫЛ КӨК САРЫ СҰР ҚОҢЫР
АҚ ҚЫЗЫЛ КҮЛГІН КӨК САРЫ ҚАРА АҚ
ЖАСЫЛ ҚОҢЫР КӨК КҮЛГІН ҚОҢЫР САРЫ
ҚАРА ҚЫЗЫЛАҚ ҚАРА ЖАСЫЛ КӨК САРЫ
КҮЛГІН ҚОҢЫР ҚАРА ҚЫЗЫЛ АҚ КӨК ҚАРА
КӨК ҚАРА АҚ ЖАСЫЛ КӨК САРЫ КӨК КӨК
САРЫ ҚАРА ҚЫЗЫЛ ЖАСЫЛ АҚ КӨК СҰР
ҚАРА ҚЫЗЫЛ ЖАСЫЛ ЖАСЫЛ ҚАРА АҚ

11.3-тапсырма. Антиципациямен сөйлемді оқу, сұрақтарға жауап беру.

Уақыты

ҚОЛТЫРАУЫН

Қолтырауынның жалпы _____ пішіні кесіртке тәрізді. _____ шабуылға түнде _____. Олар шамасы келетін кез-келген жемтігін жеп _____. Суда _____ көмегімен қозғалады. Қолтырауын құрлықта баяу _____ және ебедейсіз қозғалады. Олар тауық немесе қаздікіндей оннан жүзге дейінгі жұмыртқасын _____ салып, құммен көміп _____. Ұрғашысы жауларынан қорғау үшін қалаудың маңында қалады. Жұмыртқадан шығар алдында жас қолтырауындар бақылдаған _____ шығарады. Ұрғашы қолтырауын қалауын аршып, олардың шығуына көмектеседі. Ол кішкентай қолтырауындарды аузына _____ алып, суға _____.

1. Қолтырауынның денесі қандай жануарға ұқсайды?
2. Ұясына неше жұмыртқадан салады?

11.4-тапсырма. Мәтінді оңнан солға қарай оқып, мазмұнын айту. 3 сұраққа жауап беру.

Уақыты

АЛМҰРТ

трұмла - ығарыпаж нитесүт шаға. іредлүГ қа есемен тлығзық ыдалоб. трұмла ріуэс, рымам, адныралйа ідйедлүг. ңінісімеж ісүт лысаж, ырас, едйек уадлызық ыдалоб. наттрұмла пасот ыдатанйақ. нырыШ енәж нысус ыдйадныйад. ңыттрұмла нанышаға қылакызум ратпапса ыдйадныйад.









1. Алмұрт қандай ағаш?
2. Гүлдері қандай болады?
3. Алмұрт қай айларда гүлдейді?

11.5-тапсырма Пирамида кесте

тос+	та	+ған	қа+	рын	+даш
тай+	қа	+зан	ба+	уыр	+мал
сау+	ыс	+қан	қа+	рын	+дас
қар+	лы	+ғаш	ба+	уыр	+сақ
сыр+	ға	+нақ	ке+	мең	+гер
тол+	ға	+най	то+	қыл	+дақ

11.6-тапсырма Суреттерді жаңа орынға көшір.

Уақыты



ЖЫЛ БАСЫНА ТАЛАСҚАН ХАЙУАНАТТАР

Қазақ ертегісі

Бұрынғы өткен заманда хайуандар жыл басы болуға таласыпты.

Сонда жылқы айтыпты:

- Мен алысты жақын қыламын. Күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын, - дейді.

Сонда түйе айтады:

- Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық, — дейді.

Сонда сиыр:

- Адам егін ексе менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт, май істейді. Жыл басы болу маған лайық, - дейді.

Сонда қой:

- Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді, жүнімді алып киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт, май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ, - дейді

Сонда ит:

- Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп, абалап, иеме хабар беремін, - дейді.

Сонда әтеш:


- Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып, таң атты деп шақырып хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын, - дейді.

Тышқан не айтарын білмей тұрды да, бір қулық ойлап, жиналған көпке былай деді:

- Бұл таластан еш нәрсе өнбес, таң атқанын қарап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын. Өзгелері таң атқанын қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?» деп тышқанның сөзін қоштап, бәрімен бірге қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінеді де отыра береді. Көп хайуан таласып, біз көреміз, біз көреміз деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп еш нәрсе демепті.


Сонан соң бәрінен тышқан бұрын көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты.

11.8-тапсырма
«Отбасы» тақырыбында сурет салу, оны мазмұндап айту




12 сабақ

12.1-тапсырма
Екі қолмен сурет салу:



12.2-тапсырма Суретке қарап (1 мин) есте сақтап,
бетін жауып қойып, астына суретті көшіріп сал.

Уақыты



12.3-тапсырма. Сандар тізбегінен 3 санын тауып,
қоршау, 0 санының үстінен сызу.

Уақыты

125347672436727642877364643276242469
897683164978967+54313262645679879854
133264589756592234658798822235646059
788514231625495685776423134528686766
592531364659795754233111566897235013
342340525504668204165388676496263568
988704656897380162686632236786734016
433879986531201025667986526434368412
32234367865313646736523646765533

12.4-тапсырма
Төңкерілген мәтінді оқу, 5 сұраққа жауап беру.

Уақыты

Байлық
Бұрынғы өткен заманда бір дана кісі өлерінің алдында жалғыз қалып бара жатқан баласына: «Шырағым, жер астына көмген көп қазына бар, соны қазып алсаң, қарның аша болмас, киіміңіз болмассың» – депті. Әкесі өлгеннен соң, жетім баласы үйдің айналасындағы жерді ертенді-кеш еңбек етіп қазды, көп машакаттанды, бірақ әкесі айтқан қазынаның таба алмайды. Басы да болып, шаршап, шалдығып, ақырында бір көп жасап, көп көрген данышпан қарияға келді. Әкесінің үгіт-насихатын, өзінің көп еуреді болғанын аңғарып, енді не қылсам екен дейді: – Балам, сен әкенің өсіетінін түсінібеген екенсің, оның мәнісі былай: әкенің саған мирасқа жер қалдырды, сол жерді күшің жеткенше күтіп, егін егіп, күз тұқымын шашып, еңбек етсең, уақытыңда өнімнің төкпей-шашпай аласың, сонда сен байлықтың астында қаласың, аша та, жалаңаш та болмайсың. Байлық жерде, еңбекте, – депті.

БАҚША АҒАШТАРЫ

Ыбырай Алтынсарин

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.

- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесілген. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, - деді атасы.

- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, - деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе тәрбие алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, - деді.

12.6-тапсырма. Көзге арналған жаттығулар. (Күніне 10 рет)



1. Көзді қатты ашып-жұмамыз 5-6 рет, 30с

2. Жоғары, төмен, оңға, солға










3. Шеңбер бойымен оңға, солға, жоғары, төмен

4. 1-2 минут көзді жыпылықтату

5. Алақан әдісі


12.7-тапсырма. Үшбұрыштардан қандай суреттер шығарар едіңіз?

Уақыты



12.8-тапсырма
Лабиринт

Уақыты



ІЗ сабақ

13.1-тапсырма. Нейрогимнастика жаттығуын жаса:



13.2-тапсырма

Мәтінді оңнан солға қарай оқу. 3 сұраққа жауап беру.

Уақыты

ҚАЙЫҢ


ңыйаҚ киіб нітесө імедә шаға. ңыно ыратқатұб іиж ыдалоб.
ңынңыйаҚ ыратқарыпаж рытлыж, лысаж-паж. ыдңыйаҚ піи анаш
ыдйасаж. ыно едріме пөк ыданаладйап.

1. Қайың қандай ағаш?
2. Қайыңнан не жасайды?
3. Қандай ағаш түрін білесің?

13.3-тапсырма. Артикуляциялық жаттығу



ШЕЛПЕК



ТЕРЕЗЕ



ПЕРДЕ

13.4-тапсырма. Ортақ атауды тап.

Уақыты

1. Жапырақ, сабақ, тұқым, ұлпа - _____
2. Жағажай, күн, құм, қайық - _____
3. Велосипед, мотоцикл, көлік, арба - _____
4. Көк, сары, күлгін, ақ - _____
5. Күріш, бидай, жүгері, тары - _____
6. Есік, терезе, шатыр, еден - _____

13.5-тапсырма

Оқымай, көзді жүгірте отырып, «ағаш» сөзін тап:

Уақыты

А П У Р Н Е І Ғ Ә А Ғ А Ш И Т О Л С В Ү Ү Ж Щ А Ң Ш Ы А Ғ А
Ш С У Ы Н Т Р П А П П А Ң П Ы Л О Р П С Ч Я А Ғ А Ш С Е Н І И
Л Г Д З Х Щ Э Ъ О Р П А В У К О Г Р Т Ы Т А Р П Л Ю О И Д Л П
А Ғ А Ш О П С Д О А Ъ Р Б Д О О Б М Р Л П Ю Т И А Ғ А Ш И П

13.6-тапсырма. Суретке қарап, мазмұндау



13.7-тапсырма

Мәтінді жылдамдыққа оқып, 3 сұраққа жауап жазу.

(108 сөз)

Уақыты

ӘҢГЕЛЕК

Бақша ауылдың оңтүстігінде болатын. Тал түс. Күн шыжып тұр. Түс кезінде Дәукен атай қамыс күркесінде тынығатын. Екі баланың арыққа түсіп, қауынға беттегенін қарттың көзі шалып қалды.

Қарт кешкілік иісі бұрқыраған бір әңгелекті үйіне ала қайтты. Дәукен қарт:

-Әй, батырлар, мұнда келіңдер! — деді. Бірақ балалар жақындамады.

- Келіңдер бері, біздің әңгелек пісті. Ал, айналайындар, жеңдер! Алыңдар!

Ұялмаңдар! - деп Дәукен қарт жарылған әңгелектен өзі бастап, бір тілім алды. Екі бала қолдарына алған тілімдерін тістелеп ұзақ жеді. Содан соң дастарқанға қайтып қол созбады.

-Тойдыңдар ма? Неге жемейсіңдер? - деп сәл жымиды да қойды.

Арада жарты сағат өткен жоқ, есіктен екі бала көрінді. Қолдарында бір тілігі алынған көк әңгелек.




-Е, бұл не? - деді қарт.

-Ата... біз... кешіріңіз... - деді дауыстары қалтырап.

1. Балалар не үшін баққа келді?
2. Атай балаларға не берді?
3. Балалар неге әңгелекті жей алмады?

13.8-тапсырма. Суретті оңға көшір


Уақыты



14 сабақ

14.1-тапсырма. Графикалық диктант

Уақыты



14.2-тапсырма

Ең кіші әріптен ең үлкен әріпке қарай оқы .

Уақыты

С Е К І	Ұ Л Б Т	Ш Ө К Е	Ғ А Ш А
Қ А С Ы	Ш Е Ө К	Н А Ш А	Н Е Ө Р
Ә Е Т Ш	Н Т Ы А	А С М А	Е Б Ө П
Ө Р Е С	А Ы С Қ	А Д А Л	

**14.3-тапсырма. Әріптер арасынан «Ж»-ны қорша,
«И»-дің астын сыз.**

Уақыты

Т	К	С	А	Б	І	Н	К	Р	Т	А	С	К	Л	Д	Ж	С	Я	Ө	Ү
Д	А	Ғ	Ъ	Ь	Д	Ж	Я	Т	Й	Н	В	О	Ж	Э	Ю	Ө	Ү	Ұ	О
А	С	Х	Ч	Й	Т	Ю	Э	Ы	Е	П	Р	Д	Ж	Х	Ұ	І	Ң	Ғ	Қ
І	Л	З	Э	О	М	Т	Қ	Э	К	Ф	Я	Й	Р	Т	И	А	Щ	Г	Ө
Ә	Ұ	Я	Ю	Ь	С	А	Ш	Т	Р	Ә	С	Ю	Э	Ъ	Щ	Я	Қ	Ү	І
И	З	М	Н	Ғ	Ң	Ж	Э	С	Л	Т	В	Н	Д	Э	З	И	А	Ц	Ң
П	О	Э	О	Э	Ъ	Э	Ю	С	Ы	В	Л	С	В	Ц	Т	З	Х	Ш	О
А	Г	О	Р	М	Г	Ш	Н	Д	Э	Я	З	Э	Я	Ю	Ы	И	М	Е	Ғ
І	Й	Ю	Ъ	Ш	Е	К	У	С	Л	Ц	О	И	М	Г	Қ	Ұ	І	Ә	А
З	Б	И	Ь	Ң	Ғ	Й	Ә	Ъ	Һ	М	Л	Т	В	У	Д	Э	Ъ	Ь	Й
Л	Ю	Я	У	П	С	Т	В	С	Ч	Ф	Х	Ъ	Ң	Қ	Ү	А	Ә	Л	Д
К	Ж	У	Ц	И	Т	Р	Б	В	Ы	И	Э	Ю	Ө	Ұ	І	Ә	Й	Х	Ъ
Ж	О	Ч	Я	Ц	К	Ғ	І	Қ	Ө	Д	Д	Э	Ж	И	Э	У	Т	Қ	П
Ғ	Ә	О	Х	Э	Я	М	С	Ч	У	Ц	К	Х	З	Б	Ю	Ә	Қ	Ө	Ң
Д	Б	Ж	Э	З	Л	А	Р	Ә	У	Ж	Ь	Т	И	М	Н	Э	А	Ы	І

**14.4-тапсырма. Ертегіні оқып, кілтті сөздердің
астын сызу. 5 сұрақ құрастыру.**

(81 сөз)

Уақыты

ТИІН МЕН ҚАСҚЫР

Толстой. А. Н.

Тиін бұтақтан бұтаққа секіріп жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне секіріп түсті. Қасқыр оянып кетті. Ол тиінді ұстап алып, жемекші болды.

Тиін:

- Мені қоя бер! - деп жалынды.

Қасқыр:



- Мен сені қоя беремін, бірақ, менің бір сұрағыма жауап бер. Мен болсам көңілсізбін, сендер, тиіндер, неге ылғи көңілдісіңдер?

Сонда тиін:

- Алдымен мені қоя бер. Мен сенен қорқамын. Сонан соң айтамын. Қасқыр тиінді қоя берді. Тиін ағашқа шығып алды да:

Саған көңілсіз болатыны сен қастандықты ғана ойлайсың. Ал біз көңіл- діміз. Ешкімге қастандық ойламаймыз, - деді.

14.5-тапсырма. Суретке қарап (1 мин) есте сақтап, бетін жауып қойып, астына суретті көшіріп сал.



14.6-тапсырма
«Қызыл» сөзіне сөз тіркестерін құрастыру

Уақыты

14.7-тапсырма. Қызыл әріптерге қарап, сөздерді жылдам оқу (пирамида кестесінің бір нұсқасы)


Уақыты

СӘУЛЕ	ЖОЛДАС	БАЛАБАҚША
АСПАН	ҚАҚПАН	ТОСТАҒАН
АЛМАЗ	ҚАҢБАҚ	ТАЙҚАЗАН
АЛТЫН	МАЙМЫЛ	БАТЫРЛЫҚ
ЖІБЕК	ЖАЙЛАУ	ТУЫСҚАН

15 сабақ

15.1-тапсырма. Лабиринт

Уақыты



МЕН БАҚШАҒА БАРАМЫН

Шашымды да тарадым,
Айнаға да қарадым.
Ерте тұрдым ұйқымнан,
Мен бақшаға барамын.

Қуыршақты аламын,
Қол дорбаға саламын.
Беске толам ақпанда,
Мен – ересек баламын.

Таудай биік талабым,
Суретті де саламын.
Әзір менің дәптерім,
Қарындаш пен қаламым.

Көңілдіміз, күлеміз,
Әріптерді білеміз.
Бақша – біздің үйіміз,
Тату-тәтті жүреміз.

Балабақшам – байтағым,
Күліп-ойнап қайтамын.
Ән саламын, би билеп,
Тақпақты да айтамын.

Баулып апа, ағамыз,
Құстай қанат қағамыз.
Жақсы болып өсуге,
Біз тырысып бағамыз.

САУЫСҚАН МЕН КӨКЕК


Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», -деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

-Екеуміз бірігіп ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз,- дейді. Көкек:

-Менің ұя салатын қуатым да, қаруым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер,-деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен тасалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырларымен мықтап байланыстырды. Іші-тысын саз балшықтармен сылады. Кішкене бұтақтардан құрастырып, шағын қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай-қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі р-ды айта алмай, «керек» деудің орнына «келек, келек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да, үй-іші де жоқ. Жұмыртқасын кез-келген ұяға табады, оны басқа құстар басып, балапан шығарады. Шібилер жетім өседі.

1. Бір орманды қандай құстар мекендеді?
2. Олар ұялары болмағанда, нені паналады?
3. Көкек сауысқанға не деп жауап қатты?
4. Сауысқан ұяны неден бастады?
5. Көкектің балапандары қалай өседі?



15.4-тапсырма

Ортадағы әріптердің орнын ауыстырып, жылдам оқы

Уақыты

Қ Я О Н

Д Л А А

Ш Н А А

Қ З О Ы

К Ш Ө Е

Қ Л А А

Ә Е Т Ш

Ж А Ң А

М С А А

С Р А Ы

А Ы С Қ

А Н Ы А

15.5-тапсырма

«Мысық» туралы ертегі құрастыру

15.6-тапсырма. Ортақ атауды жаз.

Уақыты

1. Дөңгелек, шеңбер, асық, үшбұрыш - _____
2. Тиін, тышқан, қоян, аю - _____
3. Гүл, жеміс, тау, ағаш - _____
4. Көгершін, аққу, пингвин, қаз - _____
5. Диван, жастық, шкаф, орындық - _____
6. Орамал, қалпақ, шалбар, тақия - _____

15.7-тапсырма. 2 шумақ өлеңге ассоциация жасау:

Зырлайды доп
Бір орнында тұрмайды.
Қарсыластың қақпасына таяса,
Жүрегіміз тулайды.

Зырлайды доп, зырлайды!
Қалт жіберме,
Сен қақпаны дәл көзде,
Қуанамыз сол кезде.

15.8-тапсырма. Суретті мәтінді оқы.

Уақыты

ШҰБАР ТАУЫҚ

Баяғыда бір  мен  күнін әзер көріпті, екеуінің жалғыз шұбар  болыпты.

  тауыпты, анау-мынау  емес, өзі алтын  екен.

 ұрып-ұрып жара алмапты.  ерсілі-қарсылы зырлап бағыпты,

 -ын бұлғап қалыпты,  жерге түсіп кетіпті, түбіне сол жетіпті.

 мен  жылапты, тауық сонда жұбатты:

Жыламашы,  ! Мұңаймашы,  !  тауып беремін,

 емес жылтылдақ, ас боларын-керегін!

16 сабақ

16.1-тапсырма

Әріптер арасынан көкөністерді тауып, астын сыз

Уақыты

ЛОПДЫҚИЯРЭДВЛПЭСӘБІЗДЖУОКЛТПКАР
ТОПДЛКУППИЯЗДЖТПЛПЬАСҚАБАҚДЦЛК
ТПҚЫЗАНАҚЖДТПЭДОРАМЖАПЫРАҚДФ
ОТПЭДДПКПШАЛҚАНЛПДЖҚЫЗЫЛШАДД
ОТКБҰРЫШОАШПОХАЛМАҚАУЫНОРАПАГ

16.2-тапсырма.

Мнемотехника әдісі арқылы есте сақта.

Уақыты

● Сызғыш

● Кітап

● Парта

● Қарындаш

● Альбом

● Өшіргіш

● Дәптер

● Ұштағыш

● Күнделік

16.3-тапсырма. 10 сөзді тыңдап, кітапқа жазу

16.4-тапсырма. Эмоциямен оқу:

- Қатты
- Жай
- Көңілсіз
- Қорқынышты
- Мысқылмен
- Сен өзгере бастадың.
- Сенімділік ең мықты құрал.
- Бұдан да артық не болу мүмкін?

ҚОШТАСУ

Соңғы рет камераның есігі ашылды. Пішпектен кеше келіп жеткен этап бүгін ертелеп жолға шықпақ. Таңғы салқынмен жүріп, ыстық түскенше жол өндіремек. Пішпектен шыққан аттар ауыстырылды. Арбалардың күпшектері майланды. Айдауылдар жаңарды. Азық-түлік тиелді. Қырғыстаннан келе жатқан каторжниктер отырған арбалар Верный түрмесінің алдына келіп, дайын тұрды.

Рысқұлдың аяғын кісендеп, аулаға алып шыққан кезде әлі таң бозала болатын. Түрменің іші құлаққа ұрған танадай, айдаладағы алып моладай тып-тыныш еді. Кенет қаңғұр-құңғыр, шақыр-шұқыр дыбыстар абақтының ішін кернеп ала жөнелді. Рысқұл түкке түсінбей, бұл салдыр-күлдір аяғымдағы кісеннің дыбысы шығар деп келген. Сөйтсе, Александр Бронников жатқан саяси тұтқындар камерасының терезелері екен. Қайдан естігені белгісіз, Бронников Рысқұлдың дәл қазір айдалып бара жатқанын біліп, өз жолдастарымен бірге терезе торларын тоқпақтап тұр екен. Бұл қоштасу белгісі еді. Ғаламат сәтінде соғылған шіркеу қоңырауларындай осынау үн түрме қызметкерлерін үрейлендіріп жіберді.


Әкесін катоганың алыс сапарына шығарып салуға ілесе шыққан Тұрар мына қаһарлы үнге құлақ түріп, әкесінен айырылу қайғысын ұмытып кеткендей.

Айдауылдар Рысқұлды ауладан шығарып әкеткенше асықты. Кісендеулі аяқтың адымы қысқа. Кісеннің салдыры камера терезелерінің тарсылына қосылып, қоштасу әрі қосылысу гимнін шарықтатып әкеткендей. Мына беймезгіл таңда бүкіл Алматы зіл ұйқыдан оянып, әлдебір таусоғар толқынның, тақтарды сықырлатар соққының алыс сарынын естігендей, елеңдеп қалған сияқты.

Бұдан бір жарым жыл бұрын Рысқұл өзі келіп тарсылдатқан қақпа артта қалды.

1. Арбалар қандай түрменің алдына келіп тоқтады?
2. Каторжниктер қайдан келе жатты?
3. Александр Бронников кім?
4. Рысқұл кімнің әкесі?
5. Рысқұл Алматыда қанша жыл болды?

16.6-тапсырма. Екі қолмен сурет салу



16.7-тапсырма
Қандай жануарлар жасырынған?

Уақыты



16.8-тапсырма
Кестедегі сөздерді пайдаланып 5 сөйлем құра.

Уақыты

сол	қандай	оған	ғана	көреді
ол	соны	біз	отыру	кім
керек	мен	күні	не	демалу
жайлы	соны	сені	рахмет	барлығын
солай	барлығы	ойладым	бақытты	үшін
болуға	әдемі	көркем	кино	олай
неге	бірге	мезгіл	жақсы	деп
осы	жасалды	жасау	өзіміз	жазу
келдік	сондай	үшін	таныту	айтпа
ешқашан	да	қиын	болады	тартады

Айнұр Жүсіп – жылдам оқыту, жадыны дамыту маманы. Махамбеттің 118 өлеңін жатқа біледі. 10 минутта өлең жаттау әдісін үйретеді. Оқушылар мен мұғалімдерге курс жүргізетін ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГ.

@aynur_zhusip



1 - кітап



2 - кітап



3 - кітап



Еуропалық, Ресейлік авторлардың методикалары бойынша Қазақстанда 25 педагогтің еңбегімен құрастырылған кітап



Ютуб канал: «Galamat» online school

Заманауи педагог



Инстаграм: galamat_school